

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің ақшалай табысы (айлық ақысы) туралы <*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 18 мамыр 1994 ж. N 530. Осы қаулымен белгіленген ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы 1994 жылғы 1 сәуірден бастап 2,5 есе өсірген - ҚРМК-нің 1994 ж. 20 мамыр N 547 қаулысына сәйкес. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.25. N 1620 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының негізгі типтік лауазымдары бойынша лауазымдық жалақыларының схемасы N 1-7 кестелерге, басшы құрамның арнаулы әскери атақтары жоқ ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының схемасы N 8 кестеге сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының күші ішкі істер органдарының қарамағындағы, ішкі істер органдары кадрлары санатында қалдырыла отырып, республикадан тысқары жерлерге іссапарға жіберілген, Қазақстан Республикасының өкілетті және атқарушы органдарына, министрліктер мен ведомстволарға немесе оларға бағынысты кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға уақытша іссапарға жіберілген, сондай-ақ ішкі істер органдары жүйесінің оқу орындарына оқуға кеткен қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қолданылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министріне:

- осы қаулымен енгізілген жалақыларға сәйкес барлық басқа лауазымдар бойынша лауазымдық жалақылар белгілеу;

- ішкі істер органдарының орта, аға және жоғары басшы құрамының адамдарын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары және арнаулы орта оқу орындарына басшылық және арнаулы пәндер бойынша педагогтік жұмысқа тағайындау кезінде олардың, егер лауазымдық жалақысы бұрынғы қызмет орнында алғанынан төмен болған жағдайда оны кейіннен көбейтуді ескере отырып, оқу орнына тағайындалғанға дейінгі соңғы негізгі (уақытша атқармаған) лауазымы бойынша лауазымдық (соның ішінде көтеріңкі) жалақысын сақтау құқы берілсін. Лауазымы төмендеген, сондай-ақ лауазымдық жалақысы сақтау көзделмеген лауазымға ауысқан жағдайда, сақталған лауазымдық жалақыны төлеу тоқтатылады.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 1994 жылғы 1 тамызға

дейінгі мерзімде Қаржы министрлігі және Еңбек министрлігімен келісілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамы адамдарының ақшалай табысы туралы Ережені әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізетін болсын.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің "Қазақстан

Республикасы ішкі істер органдары жеке құрамының ақшалай табысын (айлық ақысын) арттыру туралы" 1992 жылғы 28 желтоқсандағы N 1088 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулының 1-және 2-тармақтарының күші жойылған деп саналсын;

N 11 қосымшадағы:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда баяндалсын:

"Басшы құрамның арнаулы әскери атағы жоқ қызметкерлерге ішкі істер органдарында үздіксіз қызмет атқарғаны үшін мынадай проценттік үстемеақы тағайындалсын (айына):

қызмет өтілі 1 жылдан 5 жылға дейінгілер үшін - 10 процент

___ " ___ 5 ___ 10 ___ - 15 процент

___ " ___ 10 ___ 15 ___ - 20 процент

___ " ___ 15 ___ 20 ___ - 25 процент

___ " ___ 20 жылдан асқандары үшін - 30 процент;

1-тармақтың үшінші-бесінші абзацтары жаңа редакцияда баяндалсын:

" - лауазымдық, соның ішінде көтеріңкі жалақы және арнаулы әскери атағы бойынша жалақы алатын қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға - осы жалақылар сомасында;

- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі оқу орындарының сақталған ақшалай жалақысын алатын, оқу кезеңінде басшы құрамның кезекті арнаулы әскери атағы берілген, тыңдаушылары мен курсанттарына - бұрын атқарған лауазымы бойынша лауазымдық жалақысы мен дербес берілген арнаулы әскери атағы бойынша жалақысының есебінен";

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

" - қызмет ерекшелігін ескере отырып (милиционер лауазымы мен оперативтік және тергеу функцияларын атқаруға байланысты лауазымдарды қоспағанда), қатардағы және басшы құрам адамдары ішіндегі әйелдердің бала күтуге байланысты демалыста болуы кезеңінде олардың орнында қызметші

ретінде басқа қызметкерлер атқаруы мүмкін лауазымдардың тізбесі бекітілсін. Осындай жағдайларда қабылданған қызметкерлермен мерзімді шарттар жасалсын. Аталған адамдарға атқарып жүрген лауазымы бойынша белгіленген жалақы төленсін;

4-тармақтың бірінші абзацындағы "орта" сөзі "қатардағы және" сөзімен ауыстырылсын;

4-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда баяндалсын:

"сақталған ақшалай жалақы алатындарға - бұрын атқарған лауазымы бойынша лауазымдық жалақысы, дербес берілген арнаулы әскери атағы бойынша жалақысы және үздіксіз қызмет атқарған жылдары үшін проценттік үстемеақысы есебінен".

6, 7, 8-тармақтар тиісінше 5, 6, 7-тармақтар болып саналсын.

N 12 қосымшаның 4-тармағындағы "Ерекше жағдайда қызмет атқарғаны үшін лауазымдық жалақыны өсіру" бөліміндегі "сондай-ақ, басшы құрамның атағы жоқ" сөздері алынып тасталсын.

6. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жеке құрамының ақшалай табысын (айлық ақысын) арттыру туралы" 1993 жылғы 19-шілдедегі N 622 қаулысының 1 және 2 тармақтарының күші жойылған деп саналсын.

7. Осы қаулыда көзделген еңбекке ақы төлеу шарттары, 1994 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енгізілетін 5-тармағын қоспағанда, 1994 жылғы 1 ақпаннан бастап енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі